● ҚҰҚЫҚ

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бола ма?

Еліміз егемендігін алғаннан бері әйелдердің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауда және тұрмыстық қылмыстардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар қолға алынып келеді.

Мемлекетіміз 1997 жылдан бастап әйелдердің ар-намысын қорғайтын, құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін, бірдей конституциялық қағидаларды жүзеге асыруды көздейтін әйелдердің жағдайларын жақсарту туралы мемлекеттік саяси концепциясын іске асыруда. Десек те отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі қоғамда өзектілігін жоймай отыр. Мәселен, Өскемен қаласы әкімдігі жанындағы «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығының консультативтік бекетіне осы уақытқа дейін (2018 жылы) әлеуметтік-психологиялық көмек және ақыл-кеңес сұрап, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген 1123 адам хабарласыпты. Осы уақыт аралығында тәулік бойы жұмыс істейтін 771922 сенім телефонына 2241 өтініш түсіпті. Аталған орталық Өскемен қалалық Ішкі істер бөлімімен бірлесіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық зардабын шеккен жандарға психологиялық-әлеуметтік қызмет көрсетіп келеді. Облыс орталығының учаскелік полиция инспекторлары мен кәмелетке жасы толмағандар жөніндегі инспекторлары осы санаттағы азаматтарды аталған мекемеге орналастыру жұмыстарымен шұғылданады. Олармен әрі қарай кәсіби психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Өскемендегі «Үлбі» орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген жандарға әлеуметтік қызмет көрсетумен ғана шектелмейді, қиын жағдайға тап болған (баспанасыз, күнделікті қажетіне қаржысы жоқ) адамдар мен психологиялық көмекке мұқтаж кісілерге де жәрдемдеседі. Биыл мұнда 73 әйел баласымен бірге оңалту шараларын қабылдапты. Өскемен қалалық ІІБ жергілікті полиция қызметі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция капитаны Зарина Тоқаева әйел адамдар отбасында зорлық-зомбылық көргенде дер кезінде хабарламай, жағдайды одан ары ушықтыратынын айтады.

– Күйеуі, пәтерде бірге тұратын адамы, ағасы немесе әкесі тарапынан зорлық-зомбылық көрген әйелдер мәселені өздері шешуге тырысып, отбасындағы жағдайды айтпай, жасырады. Бұл жайт, яғни ер адамдардың тиісті жазасын алмауы кейін жағдайдың қайталануына әкеп соқтырады. Отбасындағы мұндай кикілжіңдерден тек әйелдер ғана емес, балалар мен отбасының өзге де мүшелері зардап шегеді. Біздің айтарымыз, тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған кезде нәзік жандармен әуелі құқық қорғау органдарына хабарласқаны ләзім.

Өскемен қалалық ішкі істер бөліміне, тұрғылықты мекенжайы бойынша учаскелік пункттерге, 102 немесе 23-27-56 сенім телефонына хабарласуына болады. Екінші, сіз зорлық-зомбылық кезінде дене жарақатын алсаңыз, тез арада жақын маңдағы медициналық мекемелерге барып, алған жарақатыңызды тіркетіп, медициналық сараптама алғаныңыз жөн. Бұл сот кезінде сізге жәрдемін тигізеді, – дейді ол.

А.Әбіл

● ЗЕРДЕ

Өмірімде өшпестей із қалдырған

Адам біраз өмір кешіп, бел-белестен өткеннен кейін, тағдырдың ащы-тұщы дәмін татқан соң, жүріп өткен жолыңа бұрылып қарайтын кездер болады. Осындайда бастан өткен оқиғаларды екшелеп, таразылап, үлкен өмірден көрген-білгеніңді жастарға үлгі-өнеге, ұлағат, аманат ретінде айта жүру – үлкен парыз.

Бала тәрбиесінің ең маңызды кезеңі мектеп қабырғасында өткендіктен, балалық шақтың сүрелі жылдары ойдан кетпейді.

Бүгінгі күні мыңдаған шәкірттердің білім ордасы болған, ғасырға жуық тарихы бар Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернаттан түлеп ұшқан түлектер еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Аталмыш мектепте мен де 1956-1959 жылдарда оқып, онжылдық білім алдым. Бұл білім шаңырағында бүкіл облыс көлеміндегі шалғай жатқан ауылдардың, мектебі жоқ елді мекендерде тұратын ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің балалары және Ұлы Отан соғысында қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен сарбаздардың отбасынан шыққан жетімек балалар оқитын.

Солардың бірі болып, мен де оқуға келдім. Бірінші күні интернатқа қабылдап ала бастады. Дәрігер бөлмесінде барлығымызды қат-қатар тұрғызып қойып, үсті-басымызды, денсаулығымызды тексеруден өткізді. Содан соң тәрбиешімізбен бөлмемізге кіріп, үстіміздегі үйден келген киімдерімізді шешіп, интернаттың киімдеріне ауыстыра бастадық.

Біз тәрбиешіміз Мәсен апаймен таныстық. Тәрбиешіміз бір көргеннен барлығымызды өз баласындай жақын тартып, қанатының астына тығылған балапандардай үрпиісіп тұрған бізді айналып-толғанып, бала жүрегімізді бірден баурап алды. Тіпті бір мезет өзіміздің бөтен жерге келгенімізді де ұмытып кеткендей болдық. Интернаттың біркелкі киімін киген біздерді қаздың балапанындай сапқа тұрғызып, беті-қолымызды жуғызып, асханаға алып келді. Мәсен апайымыз әрқайсымыздың үстел басындағы орнымызды көрсетіп, асханаға қай уақытта келетінімізді түсіндіре бастады.

Ең алдымен, мектеп пен интернатта қатаң тәртіп сақтау керектігін ерекше ескертті. Алғашқы кезде үркектеген қояндай, балалар бір-бірімізден жұбымыз жазылмай жүрдік. Мәсен апайымыз қандай талап қойса да, бұлжытпай орындауға тырыстық. Осылайша тәрбиешіміз екінші анамыздай болып кетті.

Жаңа тәртіпке үйрену, қалыптасу оңай болған жоқ. Сабақтан келген соң көретініміз де, біреуден жәбір көрсек, шағымданатынымыз да, үйді қатты сағынып жылағанда құшағына еніп, мауқымызды басатын да – осы Мәсен апайымыз болды.

Мәсен апайдың жұбайы Ақажанов Естай ағамыз – мектеп директоры, бізге денешынықтыру пәнінен сабақ берген. Ол кісі өзіне де, өзгеге де талап қойғыш еді. Қандай да болмасын жұмыстың мүлтіксіз тиянақты орындалуына қатты назар аударатын.

Естай ағаның денешынықтыру сабағында берген тәрбиесінің, тәлімінің біздің денсаулыққа үлкен пайдасы тиді. Жылдың қай мезгілі болмасын, ауа райының суық, қолайсыздығына қармастан интернаттың алдындағы алаңға шығарып, жүгіртетін. Жаттығулар жасап, денеміз қызған кезде, аязды күндерге қарамастан, буымыз бұрқырап, даладан терлеп кіретінбіз. Осының барлығы біздің деніміздің сау болып өсуі үшін, болашағымыз үшін екенін, әрине, ол кезде түсіне қойған жоқпыз. Дегенмен денешынықтыру сабағы болады дегенде, қуанышымыз қойнымызға сыймай, қуанушы едік.

Қазір өзім әже атанып, сексен жасты алқымдап қалған шағымда, Мәсен апайымыздың бізге сіңірген еңбегін, аналық жүрегінің кеңдігін, жылуын жеткізіп айту қиын. Мәсен апайымызбен өткізген үш жылдың өзі бала жүрегімізге адамгершіліктің, ізгіліктің, адамға деген мейірімділіктің дәнін егіп, өшпес ізін қалдырды.

...Мәсен апайымыз биыл дүниеден озып, мәңгілік мекенінен орын алды. Сүйікті тәрбиешіміздің қазасы қабырғамызды қайыстырып кетті. Мәсен апайымызға Алла тағала иман-байлығын беріп, топырағы торқа болсын деймін.

Мәкен Рахимова,
еңбек ардагері

Өскемен.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2018 жылғы 10 қыркүйектегі №3762 қаулысы
Өскемен қаласы

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін құрылысы бар жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

«Өскемен қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұсынған құжаттарды қарап, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 81-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, 84-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, 85-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-тарауына сәйкес, «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 15 тамыздағы өтінішін, «Востокагропромпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен әзірленген «Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы Жібек Жолы көшесінен Қазыбек Би даңғылына дейінгі Қаныш Сәтпаев даңғылын реконструкциялау. Түзету» жұмыс жобасын, «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Шығыс Қазақстан аймағы бойынша филиалы жұмыс жобасы бойынша жасаған 2018 жылғы 22 маусымдағы № 06-0072/18 сараптамалық қорытындыны ескере отырып, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жібек Жолы көшесінен Қазыбек Би даңғылына дейін Қаныш Сәтпаев даңғылын реконструкциялауға мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қоюға байланысты, Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 3310, 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 149 қаулысы және 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 2100 уақытша өтеулі жер пайдалану шарты негізінде «АЛТАЙ-ФАРМАЦИЯ ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мерзімі 2021 жылғы 16 қарашаға дейін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында тиесілі, нысаналы мақсаты – автобус аялдамасымен бірге дәріхана павильонын орналастыру үшін құрылысы бар (автобус аялдамасымен бірге дәріхана павильоны) Қаныш Сәтпаев атындағы даңғылындағы, 7 ауданы 0,0122 га, кадастрлық нөмірі 05-085-097-077 жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы басталсын.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қоюға байланысты құрылысы бар жер учаскені мәжбүрлеп иеліктен шығару күні – 2019 жылғы 20 ақпан.

2. «Өскемен қаласының жер қатынастыры бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы жарияланған соң күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей жер пайдаланушыға құрылысы бар жер учаскесінің мәжбүрлеп иеліктен шығарылатыны туралы хабарлама жіберсін және заңды талап ретінде оның мемлекеттік тіркеуін жүргізсін.

3. Келісімдеу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер пайдаланушы «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінуге құқылы.

4. «Өскемен қаласының жер қатынастыры бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. «Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қоюға байланысты құрылысы бар жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаражат қарастырсын.

6. «Өскемен қаласының жер қатынастыры бөлімі» мен «Өскемен қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемелері осы қаулы қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Өскемен қаласының әкімі Ж. Омар

ЖОБА

Шығыс Қазақстан облысы бойынша іске асырылуы жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы бойынша іске асырылуы жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы Б. Нұрасыл

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы В. Головатюк

Шешім жобасының толық нұсқасын Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының сайттарынан төмендегі сілтемелер бойынша көре аласыздар: http://www.akimvko.gov.kz/kz; http://www.deputate.gov.kz/kz.

«ШЫҒЫС-АҚПАРАТ» ЖШС САТАДЫ:

Экологиялық куәлік – 300 тг;
Куәліктің бланкісі – 200-320 тг;
Құттықтау папкалары (бумвинил) – 500 тг;
Құттықтау папкалары (баладек, балакрон) – 1000 тг;
Сызықты журналдар – 700, 1000 тг;
«Дидар», «Рудный Алтай» газеттері – 60 тг.

Телефон: 75–44–78.

«ШЫҒЫС–АҚПАРАТ» ЖШС ҰСЫНАДЫ:

- Журналдарды жұмсақ және қатты түптеу қызметтері;
- Мадақтама, күнтізбе, буклеттер, куәліктер (А7 форматта), визиткалар, ашық хаттар жасау қызметтері;
- Дипломдық жұмыстарды түптеу.

Телефон: 75–44–78.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2018 жылғы 25 қыркүйекте**, **сағат 11.00-де ШҚО, Семей қаласы, Сеченов көшесі, 4** мекенжайында Семей қаласы «Онал» ЖШС-і көрсетіп отырған жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімдерді қарастыру кезінде жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Семей цемент зауыты»

өндірістік компаниясы» ЖШС (БСН 021240000022) жарғылық капиталдың азайтылғандығы туралы хабарлайды. Кінәрат-талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Семей қаласы, Батыс өнеркәсіптік торап, 45 мекенжайы бойынша қабылданады.

ЖОБА

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы 05-068-086 есеп кварталы аумағында (Радужный ауылының оңтүстік - шығысына қарай) Безымянный ключ бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жерүсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы 05-068-086 есеп кварталы аумағында (Радужный ауылының оңтүстік - шығысына қарай) Безымянный ключ бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы 05-068-086 есеп кварталы аумағында (Радужный ауылының оңтүстік - шығысына қарай) Безымянный ключ бұлағының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д. Ахметов

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы
_____ Қ. Баймағамбетов
2018 жылғы «___»_____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы
_____ Ғ. Сүлейменов
2018 жылғы «___»_____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2018 жылғы «____» _____
№ _____ қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы 05-068-086 есеп кварталы аумағында (Радужный ауылының оңтүстік - шығысына қарай) Безымянный ключ бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Безымянный ключ бұлағы	0,31	16,197	500	0,35	1,225	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

Бекболат Бурабайұлы ДӘРІБАЕВ

Республикалық «Ардагерлер ұйымының» Өскемен қалалық ардагерлер кеңесі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Дәрібаев Бекболат Бурабайұлының өмірден өтуіне байланысты жанұясына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Бекболат Бурабайұлы еңбек демалысына шыққаннан кейін облыстық басқармаға қарасты ардагерлер ұйымы жұмысына басшылық жасады. Өскемен қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде облыс орталығындағы зейнеткерлер арасында атқарылған ұйымдастыру, мәдени, әлеуметтік шараларға белсене қатысты. Өзінің басшылық қызметтерде жинақтаған өмірлік мол тәжірибесін жастарға ағалық тағлыммен үлгі етіп, тәрбиелік ұлағатын қалдырды.

Ол тәуелсіз ел болашағына арналған жиындарында өз ойын ашық айтатын, аграрлық саланы дамытудың білгір маманы еді. Осындай зор азаматтық ұстанымы үшін Өскемен қалалық ардагерлер кеңесінің президиумы «Ерекше қызметі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Қала ардагерлері ұйымдарының құрметіне ие болған Дәрібаев Бекболат Бурабайұлының жарқын бейнесі оның замандастары есінде ұзақ сақталады.

Өскемен қалалық ардагерлер кеңесі атынан: С.Денякин, С.Ақанов, М.Колмакова, Ф.Конюхова, Е.Чернышева, Р.Зотова

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұжымы осы басқарманың бұрынғы қызметкері, басқарманың ардагерлер кеңесінің төрағасы

Бекболат Бурабайұлы Дәрібаевтың

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.